<b>Серуен</b>	16.20-16.30	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар.

<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	16.30-17.00	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "Баланың ең сүйікті ойыншығы мен заты", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар?"
---	-------------	---

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы : «Ақберен» б\б

Топ: кіші жас Балапан тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 04.09 - 08.09.2023ж.

Апта күндері		<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі	Уақыты					
Балаларды қабылдау	8.00-8.20	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	8.20-8.30	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "Баланың үйдегі және балабақшадағы күн тәртібі".				

<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>8.20- 8.30</p>	<p><b>Жаттығулар кешені. (дене шынықтыру)</b>  1."Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы.  Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.  Алға қарай еңкейеміз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз.  Қолымызды төмен түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.  Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау)  2."Шапалақтаймыз"  Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде.  Бір дегенде қолымызды көтеріміз. Екі дегенде шапалақтаймыз.  Бір. (Балалар қолдарын көтереді.)  Екі. (Балалар шапалақтайды.) (3 рет қайталау.)  3. "Көңілді баламыз".  Бастапқы қалып аяқ иық деңгейінде, қолдар белде.  Бір орында секіру. 8 рет.  Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.  <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>8.30- 9.30</p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру.  Қасығымыз қайда?  Табақшамыз қайда?  Өзімізге жақын тартайық,  Тамақты тауысып алайық.  Д. Ахметова  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>9.30- 10.00</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін дыбыс бәсең, салмақты әуенжазбасын қосу.  Қайырлы таң, балақайлар!  Қайырлы таң, мөлдір қайнар!  Күніміз де бізге күлімдейді:  "Сәлем, сәлем!"- дейді.  Д. Ахметова  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>10.00-10.25</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Дана қуыршақпен сапқа тұру". Міндеттері. Балаларға Дана қуыршақпен бірге сапқа тұруды үйрету және техникасын көрсету; сапқа тұру жаттығуын орындауда ептілік пен икемділік дағдыларын дамыту; мәдени-тазалық ережелерін сақтауға тәрбиелеу.</p>	<p><b>Музыка</b> "Қуыршақ Әйгерімнің барабаны". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыкаға қызығушылығын арттыру; дыбысты және әуенді тыңдап, сырсипатын ажырата білуді үйрету; ырғақтық қимылды қайталай білуге машықтандыру; әнді ести отырып, айта білу дағдыларын жетілдіру; музыкалық-ырғақтық қимылдарды жасауды үйрету; барабан аспабымен және оның үнімен таныстыру. "Барабан" ойыны. Мақсат-міндеттері. Музыкалық аспаптарды бір-бірінен ажыратуды үйрету.</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Тақтай бойымен жүреміз" Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегімен гимнастикалық тақтайдың бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасағанда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Данамен бірге жаттығуларға қосылуға ынталандыру; балалардың ептілік және жылдамдықтарын жетілдіру, дене, қол, аяқ бұлшық еттерін дамыту; жаттығуларды дұрыс жасай білу қабілетін жетілдіру. "Түлкі мен балапандар" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ойын ережесі бойынша ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығы мен шапшаңдығын дамыту.</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Еңбектейміз ерінбей!" Мақсат-міндеттері. Балаларға ересектің көмегінсіз гимнастикалық тақтайдың бойымен жүруді үйрету; саптағы жаттығуларды жасауда тепе-теңдікті сақтауға және кейіпкер Аланмен бірге жаттығуларға қосылуға машықтандыру; балалардың ептілік және жылдамдық дағдыларын дамыту; дене, аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту; жаттығу барысында эмоциялық көңіл күйді көтеру. "Тышқан мен мысық" қимыл ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды шапшаң әрі шыдамды болуға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар.</b> "Ойыншықтар". Мақсат-міндеттері. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік беру, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атау, қимылдарды қайталауды үйрету. Ойыншық арқылы балалардың ой-өрісін кеңейту және еске сақтау қабілеті мен тілін дамыту. "Пирамида жинайық" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Өз орнында бір ойыншықпен қызықты ойын ойнауды үйрету.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>10.25-11.30</p>	<p>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.</p>				

Серуен	<p><b>Сұхбатхананы бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)</b>  Мақсат-міндеттері.  Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхананы учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру.  Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді.  Көлеңке орын - сұхбатхана,  Бұнда ойнаймыз біз ғана.  - Балалар, сұхбатханада күнде жиналатын боламыз, бұл жерде ыстық күндері салқын, суық күндері жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді.  Сұхбатханамыз тамаша жер!  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>  балаларды сұхбатхананы құрғақ</p>	<p><b>Күнді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)</b>  Мақсат-міндеттері.  Балаларға күннің аспанда орналасқанын және жарқырайтынын байқату, күннің жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жаю, жоғары созу, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру.  Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар оның соңынан қайталайды.  Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық.  Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа.  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>  балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру.</p>	<p><b>Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)</b>  Мақсат-міндеттері.  Балаларды жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу.  Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады.  Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де.  Үзіп жатыр, Жұлып жатыр  Барлық сары жапырақты.  Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>  балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру.  Мақсат-міндеттері.  Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.  <b>"Кім тыныш?" қимылды ойыны.</b>  Мақсат-міндеттері.</p>	<p><b>Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)</b>  Мақсат-міндеттері.  Балаларды жапырақтарға қарап, желдің соғып тұрғанын байқауды үйрету; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу.  Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады.  Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де.  Үзіп жатыр, Жұлып жатыр  Барлық сары жапырақты.  Д. Ахметова  <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b>  балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ жапырақтарды жинауға шақыру.  Мақсат-міндеттері.  Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.  <b>"Жалауға жүгір"</b>  <b>қимылды ойыны.</b></p>	<p><b>Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дене шынықтыру)</b>  Мақсат-міндеттері.  Балаларды көк аспанда ақ бұлттарды бақылауға машықтандыру; бұлттардың ақ мамықтай болғанына, бейнелерге ұқсағанына көңіл аудару.  <i>Қ. Мырза Әли "Аспанда".</i>  Бір бұлт шықты бие болып,  Бір бұлт шықты түйе болып,  Бір бұлт шықты шошқа болып,  Бір бұлт шықты қошқар болып.  <b>"Бұлттарға ұқсап ұшайық" қимыл ойыны.</b>  Балаларға бір бағыттан екінші көрсетілген бағытқа қарай жүгіруді үйрету.  - Балалар, мен желмін, сендер бұлттарсыңдар.  - Мен сендерге: "Қатты жел соқты!" деген кезде</p>
--------	--	---	--	--	---

<b>Серуеннен оралу</b>	11.30-11.50	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
<b>Түскі ас</b>	11.50-12.30	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Түскі ұйқы</b>	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Астыңа терлік салайын, Үстіңе тоқым жабайын. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.  Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. <b>(музыка)</b>	Өз төсектерін салуды біледі. Аудио тыңдау Ж.Байырбекваның «Бесік жыры» әні <b>(музыка)</b>	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытады. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. <b>(музыка)</b>	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. «Қаршақыз» ертегісін оқып беру. <b>(қатынас іс-әрекеті)</b>
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	15.00-15.30	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. <b>(көркем сөз, мәдени-гигиеналық дағдылары)</b>				
<b>Бесін ас</b>	15.30-16.00	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b>				
<b>Серуенге дайындық</b>	16.00-16.20	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
<b>Серуен</b>	16.20-16.30	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b>				

<b>Балалардың үйге қайтуы</b> (ата-аналарға кеңес)	16.30- 17.00	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісу ерекшеліктері", "Баланың үйдегі және балабақшадағы күн тәртібі".
--	-----------------	---

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Ақберен» б\б

Топ: кіші жас Балапан тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.09 - 15.09.2023ж.

Апта күндері		<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі	Уақыты					
Балаларды қабылдау	8.00-8.20	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	8.20-8.30	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері".				
Ертеңгілік жаттығу	8.20-8.30	<p>Жаттығулар кешені.</p> <p>1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы.</p> <p>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқы қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді шығарамыз.</p> <p>Отырып тұрамыз. Екі аяқтап секіреміз. (3 рет қайталау)</p> <p>2. "Көңілді аяқтар"</p> <p>Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.</p> <p>Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз.</p> <p>Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді)</p> <p>Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау)</p> <p><b>(дене шынықтыру)</b></p>				

<b>Таңғы ас</b>	8.30-9.30	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b></p> <p>Балалардың тамақтануға тұрақты қызығушылығын қалыптастыру.</p> <p>Ақтөс пен Марғау өзара жарысты:</p> <p>Жеп алды табақшадағы бір уысты.</p> <p>Ал бізде кімге қасықты ұстау жарасады?</p> <p>Кім қалдырмай тамағын тауысады?</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	9.30-10.00	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.</p> <p>Аспанымызға "Сәлем!" айтамыз,</p> <p>Алтын күнге "Сәлем!" айтамыз.</p> <p>Балалар, біз де гүлдей болайық,</p> <p>Күнге қолдарымызды созайық.</p> <p>Д. Ахметова</p> <p><b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>10.00-10.25</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Аюмен шеңберге тұру". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңберге тұруды үйрету; шеңберге тұру арқылы дербестік пен ептілік дағдыларын қалыптастыру; топтық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. "Жұбымызбен жарасайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік нұсқаулар арқылы қимылдарды дұрыс орындауды үйрету.</p>	<p><b>Музыка.</b> "Асыл әжем". Мақсат-міндеттері. Балалардың әже туралы әнді тыңдау және есте сақтау қабілетін қалыптастыру; музыканы сипатына қарай ажыратуды үйрету; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; отбасы мүшелері туралы білімдерін толықтыру; балалардың музыканы тыңдау кезінде зейін мен еске сақтау және қабылдау қабілеттерін дамыту. "Бәйтерек" ойыны. Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерінің суреттерін бәйтерекке біріктіруді үйрету. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b> "Шеңберге тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңберге дұрыс тұруды үйрету; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; шеңберге тұру техникасы туралы мағлұмат беру; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыта отырып, шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасағанда достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталауды үйрету. "Жапалақ" ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойын ойнауды үйрету. Қимыл жылдамдығын дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Аюмен бірге шеңберге тұрайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың шеңберге дұрыс тұру іскерліктерін жетілдіру; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыту; шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталауды үйрету. "Досымызбен жарасайық" ойыны. Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша әртүрлі қимылдарды жасауды үйрету. Еске сақтау, зейінді дамыту. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b> "Доппен ойнаған мысық". Мақсат-міндеттері. Балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, танымы мен зейінін дамыту; балаларды шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу. <i>"Допты түсіріп алма" ойыны.</i> Мақсат-міндеттері. Допты түсіріп алмай, қолдан-қолға беруді үйрету. <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>10.25-11.30</p>					

Серуен	<p><b>Күнді бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру; балалардың жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Күн жарықты сыйлайды, Сәулелері көп, Бір аулаға сыймайды, Барлық жерге тиеді, Барлығына жетеді. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Сары күнге ұқсап"</b> қимылды жаттығуы.</p>	<p><b>Аспанды бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балаларға аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. Тап-таза, көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры - аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Саппен жүру жаттығуы"</b>. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға</p>	<p><b>Сұхбатхананы бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхана учаскенің белгілі орны екені туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді. Көлеңке орын - сұхбатхана, Бұнда ойнаймыз біз ғана. - Балалар, бұл қай жер? - Иә, сұхбатхана. - Бұл жерде ыстықта салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз қандай тамаша жер! <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін</p>	<p><b>Қоян ойыншығын бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогке еліктеуге ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар! Бұл қоян. - Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян құлықтарын былай қимылдайды. - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, балалар, қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады.</p>	<p><b>Бұлтты аспанды бақылау.</b> (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру) Балаларға бұлтты күн туралы ұғым беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жауатыны мүмкін екенін байқату. <b>Х. Ергалиев, М. Әлімбаев "Жауын".</b> Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Күн мен жаңбыр"</b> қимылды ойыны. Балалардың "күн" және</p>
--------	---	---	---	---	--

<b>Серуеннен оралу</b>	11.30-11.50	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
<b>Түскі ас</b>	11.50-12.30	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылары)</b>				
<b>Түскі ұйқы</b>	12.30-15.00	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді.  Алтын сақа ертегісін оқып беру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	"Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. <b>(көркем әдебиет)</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. Халық ауыз әдебиетіндегі "Әлди-әлди, ақ бөпем" бесік жырынан үзінді. Әлди-әлди, ақ бөпем, Ақ бесікке жат, бөпем! Астыңа терлік салайын, Үстіңе тоқым жабайын. <b>(көркем сөз, көркем әдебиет)</b>	Әуенді тыңдату арқылы балаларды ұйықтауға жатқызу. <b>(музыка)</b>	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба» <b>(музыка)</b>
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	15.00-15.30	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза. <b>(дене шынықтыру)</b>				
<b>Бесін ас</b>	15.30-16.00	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
<b>Серуенге дайындық</b>	16.00-16.20	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				

<b>Серуен</b>	16.20- 16.30	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	16.30- 17.00	Өңгімелесу: "Балалардың балабақшаға үйренісуінің ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері".

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Ақберен» б\б

Топ: кіші жас Балапан тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09 - 22.09.2023ж

Апта күндері		<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі	Уақыты					
<b>Балаларды қабылдау</b>	8.00-8.20	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	8.20-8.30	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ана баласын қалай еркелетеді?".				
<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	8.20-8.30	<p>1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы.                      Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқа қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.                      Отырып-тұру. Екі аяқпен бірге секіреміз. (3 рет қайталау)</p> <p>2. "Көңілді аяқтар"                      Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде.                      Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз.                      Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді)                      Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау)  <b>(дене шынықтыру)</b></p>				

<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>8.30- 9.30</p>	<p>Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру.  Дастарқанның әдемісін-ай,  Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай.  Тамақты тауысқан балақай  Ең күшті болады. Пай, пай!  Д. Ахметова  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>9.30- 10.00</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.  Күніміз қандай тамаша!  Көңіліміз де тамаша.  Қанекей, шеңберге жиналайық,  Шапалақтайық та айтайық:  - Тамаша!  Д. Ахметова</p>

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>10.00-10.25</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Қояндармен бірге жүгіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жылдам жүгіруді үйрету; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсетуді үйрету. "Қоян қалай жүгіреді?" тәжірибе жаттығуы.</p>	<p><b>Музыка.</b> "Әжемнің әні" Балаларды әже туралы әнді естеп сақтап, жағымды эмоциямен жауап беруге ынталандыру; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; ойындарда отбасы мүшелеріне қатысты түсініктерін білдіруге мүмкіндіктер жасау.</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Қоян секілді жүгірейік". Мақсат-міндеттері. Балаларға шеңбер бойымен жылдам жүгіруді қайталау; шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету іскерліктерін жетілдіру; шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтің басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру. "Қоян секілді секіреміз" ойыны. Мақсат-міндеттері. Мәтін сөздеріне сай қимылдар көрсетуді үйрету. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Бір, екі, үш! Жүгіреміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету, шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтің басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру. "Қоян қалай жүгіреді?" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Қимылдарды педагогке еліктеп қайталауды үйрету. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу.</b> "Жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Балаларға қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаштың ұшымен төменге қарай қысқа сызықтарды қоюды үйрету; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетін педагогтің көрсеткен үлгісіне қарап жасауға дағдыландыру; жаңбыр құбылысы жөнінде түсініктер беру. <b>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны.</b> Ауызша нұсқаулар бойынша қимылдар жасауды үйрету. <b>(сурет салу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>
---	--------------------	---	--	--	--	--

<b>Серуенге дайындық</b>	10.25-11.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.
--------------------------	-------------	---

Серуен	<p><b>Күнді бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырайтын байқату, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады,</p>	<p><b>Күзгі ауа райын бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі туралы жалпы ұғымдар беру, күзгі күннің бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. - Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. - Аспанды бұлттар қаптады. - Адамдар жылы киіне бастады. <i>Қ. Ыдырысов "Күз".</i> Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау.</p>	<p><b>Ақшыл бұлтты бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Бұлар не? - Иә, бұлар ақ бұлттар. Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясындар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасындар? Педагог балаларға "Бәйтеректің" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға созылғанын байқатады. - Қараңдаршы, балалар! Көшемізде мұнара бар. Бойы биік, зор болып тұр, Ақшыл бұлтты тіреп тұр. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Кім тыныш?" қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне</p>	<p><b>Топырақты бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайландар! Құрғақ жермен жүрейік. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды құмның бетін ағаштан, түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін дамыту. <b>"Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі бағытпен бір-бірінен кейін бір сапта жүру әдебін дамыту. Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық.</p>	<p><b>Ағаштарды бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға ағаштарды таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуді үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынтыландыру. Педагог балаларға</p>
--------	---	--	---	--	--

<b>Серуеннен оралу</b>	11.30-11.50	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.
<b>Түскі ас</b>	11.50-12.30	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.
<b>Түскі ұйқы</b>	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	15.00-15.30	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда?" Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.
<b>Бесін ас</b>	15.30-16.00	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.
<b>Серуенге дайындық</b>	16.00-16.20	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.
<b>Серуен</b>	16.20-16.30	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b>
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	16.30-17.00	Өңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері", "Ата-ана баласын қалай еркелетеді?"

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Ақберен» б\б

Топ: кіші жас Балапан тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 25.09 - 29.09.2023ж.

Апта күндері		<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі	Уақыты					
<b>Балаларды қабылдау</b>	8.00-8.20	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	8.20-8.30	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері", "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері".				

<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>8.20-8.30</p>	<p>1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.  1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту.  1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).  2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру.  2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.  2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.  2..3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.  2.4. – Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау).  3. Бастапқы қалып: аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру.  3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.  3.2. – Бастапқы қалыпқа келу.  3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.  3.4. – Бастапқы қалыпқа келу (3 рет қайталау).  <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>8.30-9.30</p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру.  Қасығымыз қайда?  Табакшамыз қайда?  Өзіме жақын тартайық,  Тамақты тауысып алайық.  Д. Ахметова  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)</b></p>
<p><b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b></p>	<p>9.30-10.00</p>	<p>Балалардың жағымды көңіл күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетке жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу.  Қош келдің, Алтын күз!  Алтын жапырақты күз!  Біздің қолдарымыз жапырақтардай.  Қолдарымызбен ойнаймыз былай, былай.  <b>(сөйлеуді дамыту)</b></p>

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>10.00-10.25</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Қазақстанның туы". Мақсат-міндеттері. Балаларға тура және айналма жолмен жүгіру туралы қысқаша мағлұмат беру; тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларым ен таныстыру; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру. <b>Тыныс алу жаттығулары.</b> <b>"Тура жолмен жүрейік" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері.</p>	<p><b>Музыка.</b> "Сылдырмақтар сылдырлап". Мақсат-міндеттері. Балалардың сылдырмақтар туралы әуенді тыңдау және айту қабілеттерін қалыптастыру; музыканың сипатына қарай сылдырмақты сылдырлатуды үйрету; музыкалық-ырғақтық қимылдарды сылдырмақпен бірге үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру; жомарт күз туралы білім беру. Балалардың әуенді тыңдау арқылы зеректігі мен есту қабілеттерін дамыту; музыканың сыр-сипатына қарай сылдырмақты ырғақты ойната білу дағдыларына үйрету; сылдырмақты сылдырлатуды қимылмен үйлестіре білуге баулу. "Сылдырмақтар" музыкалық-дидактикалық ойыны.</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Жалауды биікке көтереміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға тура және айналма текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын жасауды үйрету; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылап, қайталап көрсетуге машықтандыру; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыту, балаларда жағымды эмоциялық көңіл күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын орындағанда достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. <b>"Жел тұрды" жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Сөздік нұсқау бойынша қимылдарды орындауды үйрету. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Текшелерді айналып жүгіремін". Мақсат-міндеттері. Балалардың текшелерді айналып жүгіру жаттығуларын орындауын пысықтау; балалардың жүру және жүгіру қимылдарын бақылау, қайталату; тура және айналма жолмен жүгіру барысында жылдамдық, ептілік дағдыларын дамыту, балаларда жағымды эмоциялық көңіл күй туындату; тура және айналма жолмен жүгіру кезінде бір-біріне кедергі жасамай, текшелерден өту жаттығуларын жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. <b>"Жел тұрды" жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Сөздік нұсқау бойынша қимылдарды орындауды үйрету. <b>(дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)</b></p>	<p><b>Сурет салудан ойын-жаттығу.</b> "Алаша". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқаламды үш саусақпен ұстап, қысқа сызықтарды жіңішке жолақшаның сол жағынан оң жағына қарай тігінен, кезекпен, үстіден төменге қарай, бірыңғай түрде қалдыруды үйрету; қылқаламның ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі бастама жерге ауысып, бақылап отыруға жаттықтыру; сурет аяқталған соң қылқаламды тіреушеге тіреп қоюға дағдыландыру; педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру; алашаның тұрмыстағы қолданылу маңызы туралы түсінік беру. "Алаша жолымен жүрейік" рефлексиясы. Мақсат-міндеттері. Жерде тізіліп жатқан таспалардан аттап жүруді үйрету. <b>(сурет салу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>
---	--------------------	---	---	---	--	---

<b>Серуенге дайындық</b>	10.25- 11.30	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.
--------------------------	-----------------	---

Серуен		<p><b>Жапырақтарды бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін сары жапырақтарға аудару, жапырақтардың жерге түсу құбылысын байқату; күз құбылыстары жөнінде ұғымдарды қалыптастыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог: - Балалар, мына ағаштардан нені көріп тұрсындар? - Жарайсындар! Жапырақтарды көріп тұрмыз. - Жапырақтар жасыл ма? - Жапырақтар сары. Педагог түсіп жатқан</p>	<p><b>Сары жапырақтарға толы ағаштарды бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілін жапырақтардың сары түсіне аудару, жапырақтардың түскенін байқату. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Саябаққа шығайық" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері.</p>	<p><b>Желді бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақтарға қарап, желдің болғанын байқауды үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. Саябаққа күз келсе, Жел дамылсыз соғады. Тыным бермей ешкімге, Жұлқылайды бәрін де. Үзіп жатыр, Жұлып жатыр Барлық сары жапырақты. Түріп жатыр, Бүріп жатыр Солғын тартқан гүлдерді. Бірақ сары жапырақ Қалмады жерде қурап, Желге көніп, амалсыз, Ұшып жатыр, шыр айналып. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Жалауға жүгір" қимылды ойыны.</b></p>	<p><b>Ақшыл бұлтты бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндау; балалардың түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қарандаршы. - Аспаннан нені көріп тұрсындар? - Иә, ақ бұлттарды көріп тұрмыз. Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясындар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасындар? Д. Ахметова <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды гүлзарда қурап қалған жапырақтарды тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; әсемдікке қызығушылықты арттыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p>	<p><b>Күзгі ауа райын бақылау.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі жөнінде жалпы ұғымдар беру, күздің ауа райы бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау қабілетін дамыту. - Балалар, айналаға қарандаршы. Жапырақтар сарғайды. - Аспанға қарайық. Аспанда сұр бұлттар ұшып барады. - Адамдар жылы киінді. <i>Қ. Ыдырысов "Күзім".</i> Күзім-күзім, күзім-ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық ау. <b>Еңбекке баулу тапсырмалары:</b> балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастарымен бірге әрекет етуге баулу. <b>"Біз көңілді баламыз" қимылды жаттығуы.</b></p>
--------	--	---	---	---	---	--

<b>Серуеннен оралу</b>	11.30-11.50	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу.
<b>Түскі ас</b>	11.50-12.30	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.
<b>Түскі ұйқы</b>	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>	15.00-15.30	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда?" Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.
<b>Бесін ас</b>	15.30-16.00	
<b>Серуенге дайындық</b>	16.00-16.20	
<b>Серуен</b>	16.20-16.30	
<b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b>	16.30-17.00	

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы: «Ақберен» б\б

Топ: «Балапан» кіші жас тобы

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 02.10 - 06.10.2023ж.

Апта күндері		<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі	Уақыты					
<b>Балаларды қабылдау</b>	8.00-8.20	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	8.20-8.30	Әңгімелесу: "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері", "Балаға айналадағы заттардың атауын атап айтқызу және оған сол заттар туралы сұрақтарды қоюдың ерекшеліктері".				

<p><b>Ертеңгілік жаттығу</b></p>	<p>8.20-8.30</p>	<p>1 – Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, қолды төмен түсіріп тұру.  1.1. – қолды жан-жаққа созу, жоғары көтеру, саусақтарды қимылдату, "Жалауды желбіретейік" деп айту, демді ішке тарту.  1.2. – қолды төмен түсіру, демді сыртқа шығару (3 рет қайталау).  2. Бастапқы қалып: аяқтарды сәл алшақ қойып, қолды төмен түсіріп тұру.  2.1. – басты оңға ию, қолды екі жаққа жіберу, жалауларды желбірету.  2.2. – Бастапқы қалыпқа оралу.  2.3. – басты солға ию, қолды сырғытып төмен түсіру, жалаулардың басын жоғары қаратып тік ұстау.  2.4. – Бастапқы қалыпқа оралу (3 рет қайталау).  3. Бастапқы қалып: аяқтарды бірге қою, қолды төмен түсіріп тұру.  3.1. – жерге отыру, қолды жанына қою, жалауларды желбірету.  3.2. – Бастапқы қалыпқа келу.  3.3. – жерге отыру, қолды алға жіберу, жалауларды желбірету.  3.4. – Бастапқы қалыпқа келу (3 рет қайталау).  <b>(дене шынықтыру)</b></p>
<p><b>Таңғы ас</b></p>	<p>8.30-9.30</p>	<p>Тамақтану рәсіміне қызығушылық тудыру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</b>  Қасығымыз қайда?  Табақшамыз қайда?  Өзіме жақын тартайық,  Тамақты тауысып алайық.  Д. Ахметова</p>

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	9.30-10.00	<p>Балалардың көтеріңкі көңіл күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған іс-әрекетіне жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)</b></p> <p><b>Көркемсөз.</b></p> <p><b>Асқаржан Сәрсеков "Күзгі көрініс".</b></p> <p>Күздің салқын самалы Аймалайды маңдайдан, Алып қашып барады Жапырақты сарғайған.</p> <p>Тыныстаған ырғалып Бақ-бау қандай, гүл қандай? Сары қыздар жиналып, Сыбырласып тұрғандай ...</p>
---	------------	---

<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p>10.00-10.25</p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Салтанатты адым". Мақсат-міндеттері. Балаларға тізені жоғары көтеріп жүруді үйрету; тізені жоғары көтеру, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру. Тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту; <b>"Маған қарай адымдаңдар"</b> <b>қимылды ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Педагогтің ауызша нұсқауларын толық орындауды үйрету. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Музыка.</b> "Айгөлектей дөңгелеп". Мақсат-міндеттері. Балаларды еліміздің Әнұранын ерекше эмоциялық сезімде қабылдауды және әннің сыр-сипатын ажыратуды үйрету; <b>"Кім жылдам қозғалады?" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Ойнатылған әннің әуеніне би билеуді үйрету. <b>(музыка, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Әдемі, салтанатты адым жасайық". Мақсат-міндеттері. Балалардың тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын дамыта отырып, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың жылдамдық қабілеттерін дамыту. "Жалаушаны әкел" қимылды ойыны. Қимыл икемділігін дамыту, тізені жоғарып көтеріп жүруді, кедергілерден аттауды үйрету. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру.</b> "Тізені жоғары көтеріп жүрейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың тізені жоғары көтеріп жүру, адымдау арқылы дене қимылдарын жетілдіру; тізені жоғары көтеріп жүру арқылы балалардың қимыл жылдамдығын дамыту; "Мен нұсқаймын" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Тізені жоғары көтеріп, адымдап жүруді, ереже бойынша ойнауды үйрету. <b>(дене шынықтыру)</b></p>	<p><b>Мүсіндеуден ойын-жаттығу.</b> "Үлкен және кішкентай сәбіздер". Мақсат-міндеттері. Балаларды берілген ермексаздың бөлігін алақанмен үйкелеу тәсілдерімен таныстыра отырып, таяқша пішінін "сәбіз" жасауды үйрету; Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. <b>Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу.</b> "Қош келдің, Алтын күз!" Бөлінген заттардан тұтас суретті құрастыруды үйрету. <b>(мүсіндеу, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b></p>
---	--------------------	---	---	---	--	---

<b>Серуенге дайындық</b>	10.25-11.30	<b>Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>
--------------------------	-------------	--

